

# М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Бекітемін  
Педагогика факультетінің деканы  
  
Ергалиева Г.А.  
« 10 » 09 2020 ж.



Кафедра «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасы

## SYLLABUS

**Пәннің атауы:** Бастауыш білім мазмұнын және оқыту технологиясын жасаудың ғылыми-теориялық негізі

Білім беру бағдарламасы 7M01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Құрастырғандар:

**Хасанова И.У п.ғ.к., доцент**

(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

*Орал, 2020 ж.*

SYLLABUS 7M01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша элективті пәндер каталогына сәйкес «Бастауыш білім мазмұнын және оқыту технологиясын жасаудың ғылыми-теориялық негізі» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы негізінде дайындалды.

Кафедра мәжілісінде қаралды

Хаттама № « 10 » 09 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_ Д.Г.Хабиева

Пікір беруші: Ергалиева.Г.А. п.ғ.к  
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

Пікір беруші: Г.К.Джонисова п.ғ.к  
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

Сарапшы: С.С.Измұхамбетова п.ғ.к. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының директоры  
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

## 1. Пән туралы мәліметтер:

Кредит	3
Курс	2
Семестр	3
Қорытынды бақылау түрі	аралас
Дәріс (сағаты)	30
Практикалық (семинар, лабораториялық) сабақтар (сағаты)	15
СООЖ (сағаты)	30
СӨЖ (сағаты)	30
Барлық сағаттар	105

**Мақсаты:** Орта білім беру жүйесінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер: (Блум таксономиясы бойынша)**

Курс аяқталғаннан кейін студенттер білуі керек:

- Қазіргі қоғамдағы педагогтың әлеуметтік мәні мен рөлі туралы;
- болашақ мамандықтарының әлеуметтік мәні мен мазмұны туралы;
- болашақ мұғалім іс-әрекетінің объектісі жайлы;
- педагогтың үздіксіз кәсіби-тұлғалық қалыптасуының факторлары туралы;
- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі туралы;
- педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін және оның даму тарихын,әлемдік педагогикалық мұраларды;
- тұтас педагогикалық үдеріс теориясы мен практикасын;
- педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясын;
- мектептің педагогикалық үдерісін басқарудың мазмұны мен ерекшеліктерін және т.б

**Игерілетін дағдылар:**

- педагогикалық үдерісте педагогикалық қарым-қатынасты орната алу және өзара әрекеттестікті жүзеге асыру;
- сөйлеу және педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін, өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу негіздерін меңгеру;
- педагогикалық үдеріс заңдылықтарына,тәрбиелік тетіктеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын жобалау және жүзеге асыру;
- сыныпта негізгі сипаттамасына және оның ары қарай дамуын болжау бойынша оқу-тәрбие үдерісін диагностикалауды іске асыру;
- оқу-тәрбие міндеттерін тұжырымдау,осы міндеттерге адекватты іс-әрекет түрлерін,формалары мен әдістерін таңдау;
- білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне өзіндік қатынасын дайындау,тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі білім беру жүйесінің даму тенденцияларын жете ұғыну және т.б игеріледі.

**Курстың міндеттері:** магистранттарға педагогика ғылымының негізгі ұғымдарын, адам дамуының негізгі факторларын, жеке тұлғаның қалыптасуы ерекшеліктерін меңгерту.

**Пререквизиттер:** «Оқушылардың даму физиологиясы», «Психология», «Педагогика».

**Постреквизиттер:** «Білім беру менеджменті», «Жоғары мектеп педагогикасы», таңдау бағыты бойынша әртүрлі элективті педагогикалық курстарды оқытуда, сонымен қатар оқу және өндірістік педагогикалық практика үшін негіз қалыптастырады.

## 2. Оқытушы туралы мәлімет, байланыс ақпараттары:

Хасанова Инкар Утебаевна: 8-701-388-22-29

khassanova.inkar@mail.ru

## 3. Курстың саясаты:

### Магистранттарға қойылатын талаптар:

Курсты бағалау бүкіл семестрді қамтиды, сондықтан магистрант барлық сабақ түрлерінде беделді түрде қатысуы керек. Максимальды балды қойған сұраққа нақты, дұрыс жауап берсе, жұмыстарын мұқият, толық жағдайда жауап берген уақытта алады.

**Сабаққа қатысуы:** магистрант сабаққа міндетті түрде қатысуы керек. Жіберген сабақты міндетті түрде қайта өтеді.

**Аудиториядағы жағдайы:** сабаққа беделді қатысуы, сабаққа кешікпеуі керек. Ұялы телефонды айырып (дауысын дыбыссыз режимге) қоюы керек.

**Үй тапсырмасы:** берілген тапсырманы өз уақытында тапсыру керек. Сабақ кестесін бұзған кезде, себепсіз жағдай болса, қабылданбайды.

**Жеке тапсырма:** семестр бойы жеке жұмыстарды орындауы керек. Магистрант оны орындаған кезде балл есептеледі. Магистрант қате жазған болса, қайтарылып, дұрыстап қайта тапсыруы керек. Бұл тапсырмалар бөлек-бөлек бағаланады, қорытынды бағаға әсер етеді.

**Бақылау жұмысы (жиынтық бағалау)** Сабақ уақытында орындалады, сабақ аяғында тапсыруы керек. Сабақтан кейін қабылданбайды және бағаланбайды.

## 4. Пәннің құрылымы мен мазмұны

Апта	Дәріс	Семинар /практикалық сабақ, / зертханалық сабақ	МОӨЖ	МӨЖ
	<b>1 – модуль. Бастауыш білім мазмұнын және оқыту технологиясын жасаудың жаңа бағыты</b>			
Бірінші апта	Тақырыбы: Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттары. Жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеттері, мазмұндық ерекшеліктері	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттері мен салаларына сипаттама беріңіз. Сауат ашу пәнінен айтылым дағдысы бойынша қысқа мерзімді жоспар құру.	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымы, негізгі принциптерін кестелер мен схемалар арқылы түсіндіру. 1. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны
Екінші апта	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымы. Оқыту мақсаттарының жүйесі	Тақырыбы: Білім беру бағдарламасының спиральдік қағидаты	Тақырыбы: Бастауышта оқытылатын пәндер мазмұны Спиральді оқыту жүйесіне баяндама жасау	Тақырыбы: Қазақ тілі пәні бойынша қысқа мерзімді жоспар құру Спиральді оқыту жүйесі туралы түсініктермен танысу, кесте толтырыңыз

Үшінші апта	Тақырыбы: Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер мен технологиялар	Тақырыбы: Тиімді оқыту және оқу тәсілдері	Тақырыбы: Оқытудың негізгі бағыттары. Бір әдіс бойынша сабақ мазмұнын түсіндіру	Тақырыбы: Тиімді оқыту жүйесі 2-сыныптың Әдебиеттік оқу пәні бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру
Төртінші апта	Тақырыбы: Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер мен технологиялар	Тақырыбы: Оқу бағдарламасы: оқу мақсаттары мен ұзақ мерзімді жоспар. Орта мерзімді жоспар. Қысқа мерзімді жоспар	Тақырыбы: Ұзақ мерзімді жоспар Білім беру стандарттары оқу жоспарлары мен бағдарламалары	Тақырыбы: Бастауыш сынып оқу бағдарламасы. Сөздікпен жұмыс.
<b>2 – модуль. Оқыту үдерісін ұйымдастыру</b>				
Бесінші апта	Тақырыбы: Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру	Тақырыбы: Оқу бағдарламасы: оқу мақсаттары мен ұзақ мерзімді жоспар. Орта мерзімді жоспар. Қысқа мерзімді жоспар Әдісі: дөңгелек үстел	Тақырыбы: жоспарлары мен мақсаттары Орта мерзімді жоспар құру	Тақырыбы: Оқу бағдарламасының тиімділігі (презентация дайындау) Дүниетану пәні бойынша қысқа мерзімді жоспар құру
Алтыншы апта	Тақырыбы: Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру	Тақырыбы: Критериалды бағалау қағидаттары. Қалыптастырушы бағалау үдерісі Әдісі: миға шабуыл	Тақырыбы: Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау формалары Тапсырмаға байланысты критерий құрып үйрену	Тақырыбы: Тақырып бойынша қалыптастырушы бағалауға тапсырмалар дайындау Қысқа мерзімді жоспардағы бағалау бөлімін талдау
Жетінші апта	Тақырыбы: Бастауышта оқытылатын пәндер мазмұны мен оқу мақсаттарының жүйесі Әдісі: пресс-конференция	Тақырыбы: Критериалды бағалау қағидаттары. Қалыптастырушы бағалау үдерісі Әдісі: іскерлік ойын	Тақырыбы: Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау формалары Тапсырмаға байланысты критерий құрып үйрену	Тақырыбы: Тақырып бойынша қалыптастырушы бағалауға тапсырмалар дайындау Қысқа мерзімді жоспардағы бағалау бөлімін талдау
<b>3 – модуль. Оқу жетістіктерін критериалды бағалау</b>				
Сегізінші апта	Тақырыбы: Ұзақ мерзімді жоспар. Орта мерзімді жоспар. Қысқа мерзімді жоспар	Тақырыбы: Жиынтық бағалау үдерісі Әдісі: дөңгелек үстел	Тақырыбы: Жиынтық бағалау үдерісінің міндеттері Бағалау кезеңдері	Тақырыбы: Тоқсандық жиынтық бағалаудың модерациясы Тоқсандық жиынтық бағалау

				мөлшері, үдерісі, критерийлерін құру
Тоғызыншы апта	Тақырыбы: Ұзақ мерзімді жоспар. Орта мерзімді жоспар. Қысқа мерзімді жоспар Әдісі: түсіндіру	Тақырыбы: Жиынтық бағалау үдересі Әдісі: пікірталас	Тақырыбы: Жиынтық бағалау үдересінің міндеттері Бағалау кезеңдері	Тақырыбы: Тоқсандық жиынтық бағалаудың модерациясы Тоқсандық жиынтық бағалау мөлшері, үдерісі, критерийлерін құру
Оныншы апта	Тақырыбы: Оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау түрлері Әдісі: алдын-ала қателері жоспарланған	Тақырыбы: Пәнді оқытудағы коммуникативтік дағдылар Әдісі: миға шабуыл	Тақырыбы: Айтылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар дайындау Тілдік дағдылар туралы реферат	Тақырыбы: Тілдік дағдылар туралы реферат Қарым-қатынас дағдылары (слайд дайындау)
Он бірінші апта	Тақырыбы: Оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау түрлері Әдісі: пресс-конференция	Тақырыбы: Пәнді оқытудағы коммуникативтік дағдылар Әдісі: топтық	Тақырыбы: Айтылым дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар дайындау Қарым-қатынас дағдылары (слайд дайындау)	Тақырыбы: Тілдік дағдылар туралы реферат Қарым-қатынас дағдысының дамытуда кері байланыс қызметі
<b>4 – модуль. Оқыту – тұтас педагогикалық үрдістің құрамды бөлігі</b>				
Он екінші апта	Тақырыбы: Қалыптастырушы, жиынтық бағалау әдіс-тәсілдері	Тақырыбы: Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және кері байланыс Әдісі: топтық	Тақырыбы: Кері байланыс түрлеріне реферат Әр-түрлі мақсаттарға бағытталған ауызша кері байланыстар	Тақырыбы: Кері байланыс және рефлексия ұйымдастыру жолдары Сабақ барысында өткізілетін кері байланыстың үлгісін жасау
Он үшінші апта	Тақырыбы: Қалыптастырушы, жиынтық бағалау әдіс-тәсілдері Әдісі: пресс-конференция	Тақырыбы: Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және кері байланыс Әдісі: іскерлік ойын	Тақырыбы: Кері байланыс түрлеріне реферат Әр-түрлі мақсаттарға бағытталған ауызша кері байланыстар	Тақырыбы: Кері байланыс және рефлексия ұйымдастыру жолдары Сабақ барысында өткізілетін кері байланыстың үлгісін жасау

Он төртінші апта	Тақырыбы: Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану құзіреттілігі Әдісі: шолу - қайталау	Тақырыбы: Пәнаралық байланысты жүзеге асыру	Тақырыбы: Сатылай кешенді талдау арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыру жолдарын көрсету Пәнаралық байланысты оқушылардың шығармашылығын дамытатындай етіп пайдалануды көрсету	Тақырыбы: Құзіретті маманды даярлаудағы пәнаралық байланыстың әдістері (әңгімелесу, топсеруен, тәжірибелік жұмыстар) «Әдебиеттік оқу» сабағындағы пәнаралық байланыс
Он бесінші апта	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру бағдарламасында оқушылардың бойында қалыптасқан құндылықтар мен дағдылар Әдісі: шолу	Тақырыбы: Белсенді оқудағы мұғалімнің рөлі Әдісі: дөңгелек үстел	Тақырыбы: Жаңа білім беру жүйесінде белсенді оқытудың маңызы (слайд) Белсенді оқушы моделін құру	Тақырыбы: Белсенді оқытудағы мұғалімнің үйлестіруші рөлі Оқытудың белсенді әдістері (реферат)

## 5. Әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиеттер

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/-алматы, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2014-188б
2. 2018-2019 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыруда ерекшеліктер туралы: Әдістемелік нұсқау хат.-Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018-368б
3. Камалова С.Т. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау: Оқу әдістемелік құрал-Астана «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2014-44б
4. Абдраманова Г.А. Рефлексия тәсілдері және олардың тиімділігін бағалау. Астана, 2017.
5. Төреханова Г.Б., Қазығұлова Г.Я. Сабақтағы оқу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау. Әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2017.
7. Кусаинов Г.М. Заманауи мектептегі педагогикалық технология-Астана, РНПЦ «Учебник», 2012-355б
8. Логвина И., Рождественская Л. Инструменты формирующего оценивания в деятельности учителя-предметника. Пособия для учителя-наставника, 2012-48с
9. Мукутов Т.К. Эффективное планирование занятий, Астана, 2017.
10. Ардабаева Б.К., Утегенова Б.М. Рефлексия как инструмент совершенствования практики обучения учителя. Астана, 2017
11. Мынбаев А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или Как интересно преподавать. –Алматы, 2009 –С.341
12. Педагогика: Учебник. –Алматы, Print-S, 2005.-364 с.
13. Подласый И.П. Педагогика. Учебник для бакалавров. Гриф УМО: Юрайт, 2012.-574 с.

14 Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. –М.:НИИ школьных технологий, 2006.-816 с.

15 Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие. –Алматы, КазНПУ им.Абая, 2008.-176 с.

16 Школьная педагогика: Учебник /Под ред. Г.Т.Хайруллина. –Алматы: изд. «МИР»,2012.-640 с.

#### **Қосымша әдебиеттер**

1 Аубакирова Р.Ж. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқу құралы. – Астана:Фолиант,2008.-128 б

2 Ахметова Г.К., т.б. Педагогика: Оқулық-Алматы: Қазақ университеті, 2006.-217 б.

3 Айтбаев А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар. Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті,2008.

4 Бабаев С.Б., Жұмадиллаева А.А. Көрнекті педагогика. –Алматы, 2008.-68 б.

5 Бахешева С.м: Педагогикалық жобалау:теориясы мен технологиясы. Оқулық. – Алматы,2010.

6 Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. Оқу құралы. –А.:Таймас, 2008. - 448 б.

7 Дайрабаев Е.Б.Педагогика пәнінің негіздері. Оқу құралы. –Алматы,2005.-222б.

8 Қазақша-орысша терминологиялық сөздік.Педагогика және психология. –Алматы: Рауан,2002. -288 б.

9 Құсайынов А.Қ.Салыстырмалы педагогика: әдіснамалық мен әдістері. – Алматы,2008

10 Kosherbayeva A (end oth.). Theory and practice of cognitive activity formation of future specialists. Collective monograph –Vienna, 2015.

11 Коркина В.И. Дидактика в схемах и таблицах: Уч.пособие. –Караганда:Изд-во КарГУ, 2004. -221 с.

12 Краевский В.В. Общие основы педагогики. Гриф МО РФ. –Учебное пособие. Изд. «Академия»,2008. -256 с.

13 Лихачев Б.Т. Философия воспитания: спецкурс. –М.: ВЛАДОС, 2010. -335с/ Педагогическое наследие/.

14 Мынбаев А.К.,Садвакасова З.М. Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения: Учебное пособие. 2-изд., доп. –Алматы, 2012.-228 с.

15 Мұсаева С.А. Жас ерекшелік педагогикасы:оқулық. –Астана:Фолиант, 2006.-472 б.

16 Өстеміров К., Шәметов Р. Кәсіптік педагогика: оқулық. –Алматы, 2006.-280б.

17 Педагогический энциклопедический словарь. Золотой фонд. Энциклопедия. Изд. «Дрофа», 2009.-528 с.

18 Пискунова А.И., Баркова Н.Н. и др. Хрестоматия по истории педогоики: В 3т. Изд.:Сфера,2006.-512с.

19 Самыгин С.И., Столяренко Л.Д. Психология и педагогика. Адаптированный курс для бакалавров. Изд.:КНОРУС,2012. -480 с.

20 Подласый, И. П. Педагогика в 2 т.: учебник для академического бакалавриата./ И.П. Подласый. -М.: И–дательство Юрайт,2015.

21 Мижериков В.А., Юзефовичус Т.А. Введение в педогогическую деятельность: Учебное пособие для студентов педгогичеких учебных заведений. –М.: Педагогическое общество России,2005.-352 с.

22 Таубаеа Т.Ш. Методология и методика педогогического исследования. В помощь начинающему исследователю. –Астана: РНПЦ «Дарын», 2009.-244 с.

23 Хан Н.Н.Научно-практические основы сотрудничества и его реализация в педагогическом процессе школы. –Алматы, 2000.-96 с

24 Хуторской А.В. Педогогическая инноватика: Учебное пособие. – М.:Академия,2010.-254 с.



25 Хуторский А.Ключевык компентенции как компонент личностю – ориентированного образование // Народное образования, 2003. №2. –с.58-64.

26 Чернилевский Д.В. Дидактические ьехнологии в высшей школе. –М.:ЮНИТИ-ДАНА,2002.

27 Якушева С.Д.Основы педагогического мастерства: Учебное пособие. –Оренбург: ОГУ,2005. -230с. :

Мультимедиялық материалдар, электрондық кітаптар (*сілтемесін көрсетіңіз*)

## **6. Дәрістер кешені**

### **5. ПӘН БОЙЫНША ДӘРІСТЕРДІҢ КОНСПЕКТІСІ**

**№1-2 дәріс тақырыбы:** Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттары. Жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеттері, мазмұндық ерекшеліктері **Жоспары:**

1.Жалпы білім беру мазмұны.

2.Жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты және міндеті

3.Мазмұндық ерекшеліктері

#### **Мақсаты:**

1. Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында (17 қаңтар, 2014 жыл) белгіленген «орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген болатын.Жолдауға орай Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білімге арналған оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен 2015 жылғы 30 наурызда бекітілген басты құжаттармен жұмыс жасауды қолға алуда.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру — оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

#### **Бағдарламаның міндеттері:**

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру. Білім берудің тиісті деңгейлері Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты деген не?

-бастауыш білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған негізгі құжат болып табылады, себебі:

-оқушылардың дайындық деңгейіне, бастауыш білім беру мазмұнына, оқушылардың ең жоғары жүктемесіне қойылатын талаптарды айқындайды, мөлшерлейді:

-мектеп қызметкерлерінің іс-әрекетін, оқушылар, ата-аналар, қоғамдық өкілдері, барлық білім беру деңгейінің басқарушыларының іс-әрекетін, білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің даму үдерісін реттейді.

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральды берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанатын, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;

әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс.

**№3-4 дәріс тақырыбы:** Білім беру бағдарламасының спиральдік қағидаты

**Мақсаты:** Спиральдік білім беру жүйесі туралы білімді толықтыру

**Тірек ұғымдар:** спираль, қағида, бағдарлама, блум таксономиясы

**Жоспар.**

**1. Спиральдік білім беру бағдарламасының мазмұны**

**2. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері.**

**3.Жан- жақты, қаблетті оқушы дайындау**

1. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқыту мақаттары Министрлік «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын бастады. Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша, жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптан бастап енгізілді. Осы ретте ол оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңартылған мазмұн 30 қанатқақты мектепте сынақтан табысты өткен етті. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсат - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі қандай? Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі: Пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.

Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы.

Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі.

Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік рухани қасиеттерін қалыптастыру;

Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуеттік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

Оқытудағы жүйелі әрекеттік ұстаным ( оқушының білім алу үдерісіне белсене қатысу )

Жаңартылған білім беруде білім беру салалары және және қандай

пәндер оқытылады? Жаңадан енгізілген пәндер қатарында ағылшын тілі, орыс тілі, жаратылыстану сынды заманауи қажеттіліктерге байланысты жүргізілетін пәндер бар. Жаратылыстану пәнінде (химия, физика, биология пәндері) дүниетану пәндері (география, тарих, қоғамтану) алғашқы ұғымдарды қалыптастырады. Жаңартылған білім беру мазмұны белгілейтін типтік оқу жоспарында 1-4-сыныпқа арналған тілдерді деңгейлеп оқытуда (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері) тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын үйрету жоспарланды. Тағы бір жаңалығымыз, бастауыш мектептің 3-4-сыныптарында оқушыларға ақпаратты іздеу талдау және тасмалдау дағдыларын үйрету мақсатында «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәні оқытылатын болады.

**№5-6 дәріс тақырыбы:** Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер мен технологиялар

**Мақсаты:** мұғалімнің теориялық және практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруда әдіснаманың ролі туралы ұғымды қалыптастыру.

**Тірек ұғымдар:** әдіснама, әдіснамалық негіз.

**Жоспар.**

1. Оқыту жүйесін ұйымдастыруды зертеудің әдіснамалық негіздері.
2. Педагогиканың жаңа әдіснамасы
3. Аксиологиялық әдіснамаға сипаттама.

**«Технология» ұғымы және оның оқу үрдісіндегі ролі.**

Елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу мақсатында жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, оқушыны қызықтырып оқыту керек екенін сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А.А.Дистервег: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді» деген.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең озық, тиімді, ізденістерін, тәжірибелерін жалғасытырып, тың жолдарын іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. «Педагогикалық технология» дегеніміз не? Технология – *tehne* (шеберлік, өнер, білім) деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Академик В.М. Монаховтың айтуы бойынша: технология- оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі. Ал педагог-ғалым Беспалько өзінің «Слагаемые педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «Оқу тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы – белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы».

Президентіміз Н.А. Назарбаев айтқандай, сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялануының негізіне айналуы тиіс. Бұл мәселе жалпы білім беретін мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толық қанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген баладан, яғни, оқушыдан шығары анық, өйткені, ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар- бүгінгі мектеп оқушысы.

Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс -әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруы қажет. Сонда ғана жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды: оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Жаңа педагогикалық технологиялар педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады.

**№7-8 дәріс тақырыбы:** Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер мен технологиялар

**Мақсаты:** педагогикада мақсат қоюдың ерекшелігін түсіндіру

**Тірек ұғымдар:** мақсат, міндет, т.б.

**Жоспары:**

1. Оқу үдерісін ұйымдастырудың мақсаты.

2. Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер мен технологиялар

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері оқушыларды оқыту барысында оларды қалай оқып үйренуді білуге, дербестікке, ізденімпаздыққа, сенімділікке, жауапкершілікке және талдау жүргізуге қабілетті болуға үйрету басты міндет болып табылатын қағидаға сүйенеді.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыру және дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады.

Атап айтқанда:

- оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, бұған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау;
- жеке және саралай оқыту тәсілін қолдану;
- проблемаларды және оларды шешу стратегияларын құрастыру;
- оқушылардың жетістіктерін бағалау арқылы олардың оқуына қолдау жасау;
- оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерінің негізінде белсенді оқуға ынталандыру;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.

Математиканы оқыту стратегияларының үлгілері:

- оқушылардың ойын әрекетін, шығармашылық және жобалық жұмыстарын ұйымдастыру;
- түсіндіру, идеяларды таныстыру, диалогтарға қатысу, мәтінмен жұмыс, алгоритмдер, нұсқаулықтар құру, математикалық тапсырмаларды орындау әдістерін сипаттау және түсіндіру барысында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- мұқият таңдап алынған тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру: жеке және топтық жұмыс;
- бірін-бірі оқыту;
- түрлі дерек көздерінен ақпарат іздеуді талап ететін есептерді шығаруға көмектесу, АКТ-ның мүмкіндіктерін пайдалану;
- математиканың практикада қолданылуын пайдалана отырып оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру;
- оқушыларды өз жұмысын талдауға және түзетуге ынталандыру (рефлексия).

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. Бастауыш сыныпта дамыта оқыту технологиясының тиімділігі

Психолог Л.С. Выгодскийдің айтуынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі- бұл тіл мен ойдың шығармашылығы». Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екуіде жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы

белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Бастауш саты- бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Президент жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен анықталады»- деген байламы жеке адамның құндылықтарын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білу тиіс.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы» -деп түсіндіріледі. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту процесі жаңаның өмірге келуі, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Оқыту мен дамытудың арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С Выготский.

**№9-10 дәріс тақырыбы:** Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру

**Мақсаты:** Қарым-қатынас тұжырымдамаларымен таныстыру .

**Тірек ұғымдар:** Прагматизм, Неотомизм, Экзистенциализм, Бихевиоризм

**Жоспары:**

1. Коммуникативтік дағдалардың педагогикалық тұжырымдамалары.
2. қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы мақсат.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Қазақтың классик жазушысы М.Әуезов «Ел мен елді, адам мен адамды теңестіретін бір ғана нәрсе бар. Ол-білім»-деген болатын. ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры, ақпараттар ғасыры, дамудың шапшаң түрі, жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру ұстаз қолында. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ол міндетті атқарушы – ұстаз. Ұстаздың негізгі құралы – сабақ.Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бірлескен әрекеттер – коммуникативті дағдыларды қалыптастырудың негізі. Коммуникативтік дағды жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Коммуникативті дағдылардың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру үрдісіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері. Осы заманғы педагогикалық үрдісте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп.

Оқыту әдістерін таңдау кезінде төмендегідей критерийлерді басшылыққа алу қажет:

Әдістердің оқыту мақсаты мен міндеттеріне сай келуі;

Әдістердің оқылатын тақырыптың мазмұнына сай келуі;

Әдістердің техникалық жағдайлар мен оқу үшін бөлінген уақытқа сәйкестігі;

**№11-12 дәріс тақырыбы:** Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру

**Мақсаты:** Қарым-қатынас тұжырымдамаларымен таныстыру .

**Тірек ұғымдар:** Прагматизм, Неотомизм, Экзистенциализм, Бихевиоризм

**Жоспары:**

1. Коммуникативтік дағдалардың педагогикалық тұжырымдамалары.
2. қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы мақсат.

Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру оқушыны іс-әрекетті атқарушы объектіден нәтижесінде жеке тұлғаның өз ісін өзі басқаруға, орындауға қабілетті субъектіге көшіру арқылы мүмкін болады, демек нәтижелерге негізделген білім беру моделі жүзеге асырылады. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілеттілікті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу — ұстаз парызы.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым, және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгертуге септігін тигізеді. Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады.

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда айтылым дегеніміз- өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар:

Сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру т.б. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз.

Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетіне орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі- сауаттылық, ал екінші тобы- идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану;
4. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу.
5. Грамматиканы дұрыс қолдану.
6. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стилді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым.

Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет.

Оқылымның ішкі дағдылары:

Мазмұнын түсіну үшін оқу немес көз жүгіртіп оқу –мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді.

Тыңдалым түрлері:

Әңгімелесу (диалог), әңгімелер, хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама және т.б.

**13-14-дәріс тақырыбы: Бастауышта оқытылатын пәндер мазмұны мен оқу мақсаттарының жүйесі**

**Мақсаты:** бастауыш сыныпта оқытылатын пәндерге шолу жасау, оқу мақсаттарын анықтауға дағдыландыру

**Жоспары:**

1. Жаңартылған оқу мазмұны бойынша бастауыш сынып оқулықтарының мазмұны
2. Оқу мақсаттарына сай ҚМЖ құруға үйрету

**Дәріс мазмұны:** Білім беру мазмұны –оқушыларды жан-жақты дамыту, ақыл-ойын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке дайындау үшін белгілі тиіптегі мектепте оқытылатын білім мен біліктер жүйесі. Білім беру мазмұны дидактикалық категория ретінде «нені оқыту керек» сұрағына жауап береді. Оқушыларды жан-жақты дамыту үшін оларға адамзат жинақталған білімдер, біліктер мен дағдылардың жүйесін меңгерту керек. Білім беру мазмұны қоғамның мектеп алдына қоятын ағымдағы және болашақ мақсаттары арқылы айқындалады. Сонымен қатар оқу мазмұны жеке адамдардың да мақсаттарын ескереді.

Оқу мазмұнына кіретін мәліметтер жас мүмкіндіктеріне де байланысты. Баланың есте сақтау қабілеті жоғары болғанымен, білімді игеру, мәнін түсіну үшін өмірлік тәжірибе керек.

Ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениетке байланысты да оқу мазмұнында ерекшеліктер болады. Қазіргі заманда дүниежүзі бойынша оқу мазмұны компьютерлендіру, кіріктіру, тұлғалық даму ережелеріне негізделген. Оқу мазмұны дидактикалық талаптар негізінде қай сыныпта, қандай көлемде қандай пәндер оқытылуы керектігін белгілейді. Бастауыш сыныптарда барлық пәндерден алғашқы элементарлық ақпарат берілсе, орта сыныптарда жүйелі білім беріледі. Білім берудің мазмұны оқу жоспарларында, оқулықтарда, жеке пәндердің оқу бағдарламаларында, электрондық оқу құралдарында нақтыланады.

Білімнің мазмұнын оқыту процесіндегі компоненттерінің бірі. Бұл білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі. Осы жүйелердің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамып, ғылыми материалдық көзқарастары қалыптасады. Педагогикалық теорияларды және күнделікті тұрмыста білімге түсіндірме әртүрлі тұрғыдан беріледі. Мысалы, білім беру сатылары туралы сөз болғанда мынандай ұғымдар пайдаланылады: бастауыш, орта, жоғарғы білім. Ал, сипатына қарай педагогикалық міндеттердің технологиялық және т.б. білім беру ұғымдары пайдаланылады. Жалпы білімді мектеп береді. Жалпы білім арнайы және кәсіптік біліммен тіркесе орта, арнайы оқу орындарында және колледждерде беріледі. Білімнің мазмұны туралы мәселелерде өте көкейкесті саяси мәселелер болып табылады. Білім беру мазмұнын анықтау, бұл өсіп келе жатқан ұрпақты неге үйрету, сондай-ақ оқыту мазмұнын анықтауды шешу деген сөз.

### **15-16-дәріс тақырыбы: Ұзақ мерзімді жоспар. Орта мерзімді жоспар. Қысқа мерзімді жоспар**

**Мақсаты:** Жаңа бағдарлама бойынша ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құрып үйрену

**Тірек ұғымдар:** Оқу бағдарламасы, оқу жоспары, тарау, бөлім, әдістемелік нұсқаулықтар

**Жоспары:**

1. Оқу бағдарламасының негізгі мақсаты
2. Жаңа бағдарлама бойынша ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ құрып үйрену
3. Бағдарламаның құрылымы

